**"2015 жылға арналған Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 121 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 193 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 қазанда N 3413 болып тіркелді

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1."2015 жылға арналған Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 121 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3274 болып тіркелген, аудандық "Көтерілген тың" газетінде 2015 жылғы 27 маусымда аудандық " Нива" газетінде 2015 жылғы 27 маусымда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

қаулымен бекітілген 2015 жылға арналған Тимирязев ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес жаңа редкацияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімінің орынбасары Ж.Е. Мәкеноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Е. Базарханов*

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 193 қаулысымен бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 19 мамырдағы № 121 қаулысымен бекітілді

**Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының білім беру мекемелеріндегі 2015 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру**

тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік-аумақтық орналасуы | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары тәрбиеленушілерінің саны | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Балабақша | толық күнге болу | толық емес күнге болу | бөбекжай топтар толық | мектепке дейінгі топтар толық емес |
| 1 | Тимирязев ауданы Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Аудандық бюджеттен қаржыландырылатын | 120 | 1 2 0<br>350 | | | |

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында айына жан басылық қаржыландыру мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балабақша | толық күнге болу | толық емес күнге болу | бөбекжай топтар толық | мектепке дейінгі топтар толық емес |
| 24662 | 1 1 9 9 2<br>14669 | | | |

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналар төлемінің айлық мөлшері (теңге) | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балабақша | толық күнге болу | толық емес күнге болу | бөбекжай топтар толық | мектепке дейінгі топтар толық емес |
| 5250 | 4 8 3 0<br>4830 | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК